

Қазақстан Республикасының Еуропаның Жаңғырту және Даму Банкіне мүшелігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 25 мамыр N 1212. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2002.04.26. N 854 жарлығымен. ~U020854

Қазақстан Республикасының Еуропаның Жаңғырту және Даму Банкінің қызметіне қатысуы үшін қажетті шаралар қабылдау мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне Еуропаның Жаңғырту және Даму Банкін құру туралы Келісімге сәйкес осы банкке тиесілі барлық валюта қаржысының, сондай-ақ оның басқа активтерінің депозитарийі болуына өкілдік берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі аталған Келісім шеңберінде туындайтын мәселелер бойынша Еуропаның Жаңғырту және Даму Банкімен байланысты жүзеге асыратын ресми орган деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қазақстан Республикасы

Үкіметімен келісім бойынша Еуропаның Жаңғырту және Даму Банкін құру туралы Келісімде көзделген барлық іс-әрекеттер мен мәмілелерді орындауға, Қазақстан Республикасы атынан оған төленуі немесе берілуі мүмкін кез-келген соманы алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еуропаның Жаңғырту және Даму банкіне мүшелік жарнаны мерзімінде төлеп тұруын қамтамасыз етуге өкілетті.

Қазақстан Республикасының
Президенті

